



Бос лауазымдарға орналасуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы "№ 6 мектеп-лицейі" КММ педагогтардың бос лауазымдарына орналасуға ашық конкурс жариялайды:

1. "Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы № 6 мектеп-лицейі" КММ"

Пошталық мекенжайы: 020000 Көкшетау Қ., Б. Әшімов көшесі, 191

Телефон: 87162-40-22-25

Электронды почта: kokscheschool6@mail.kz





Бос лауазымның атауы:

- әлеуметтік педагог – 1 жүктеме .
- орыс тілінде оқытатын сыныптарда математика пәнінің мұғалімі – 1 жүктеме 16 сағ.
- мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 1 жүктеме 16 сағат
- мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын сыныптарда ағылшын тілі мұғалімі (декреттік демалыс кезеңіне) – 1 жүктеме 16 сағат

Лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 185000 теңгеден 333836 теңгеге дейін.





Мұғалімнің лауазымдық міндеттері:

- оқытатын пәнінің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытады және тәрбиелейді;
- білім алушы тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және олардың дамуына жәрдемдеседі;
- білім алушыны педагогке құрметпен қарауға тәрбиелейді, педагогке аты-жөнімен және әкесінің атымен сыпайы түрде жүгіну немесе «мұғалім» деп тікелей қаратпа сөз арқылы сөйлесу негізінде іскерлік қарым-қатынас мәдениеті мен сөйлеу әдебін сақтауға үйретеді;
- білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;
- пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарларды, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлейді;
- бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша түсіндірмелері бар талдау жүргізеді;
- журналдарды (қағаз немесе электрондық) толтырады;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында





Мұғалімнің лауазымдық міндеттері:

көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

– оқу бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады, оларды оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес толық көлемде іске асыруды қамтамасыз етеді;

– білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерделейді;

– инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін жағдай жасайды;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдейді;

– интерактивті оқу материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтан оқыту режимінде сабақтар ұйымдастырады;

– әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастықтарының, әдістемелік және педагогикалық кеңестердің, желілік қауымдастықтардың отырыстарына қатысады;

– ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады;

– ата-аналарға консультациялық көмек көрсетеді;

– кәсіби құзыреттілігін арттырады;

– қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтайды;





- білім беру процесі барысында білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;
- ата-аналармен немесе олардың орнындағы тұлғалармен ынтымақтастық орнатады;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттарды толтырады;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастырады.

Білуі керек:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдарын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді;
- оқу пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін;
- педагогика мен психологияны;
- пәнді оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысының әдістемесін, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;
- педагогикалық әдеп нормаларын;





- оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптарды;
- құқық негіздерін, еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздерін, экономиканы;
- еңбек заңнамасының негіздерін, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидаларын, өрт қауіпсіздігі талаптарын, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік білімінің болуы не педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаттың болуы; еңбек өтіліне талап қойылмайды.

Кәсіби құзыреттерін айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) «педагог»:

санаты жоқ мұғалімдерге қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

- бағдарламалық материалдың мазмұнын білуге;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесін білуге;
- балаларды жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу және оқытуды жүзеге асыруға;
- біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне диагностика жүргізуге;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымындағы әдістемелік жұмысқа қатысуға;
- инновациялық тәжірибені зерделеуге;
- баланың дамуына арналған заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға және безендіруге қатысуға;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға;





– тәрбиеленушілердің жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуге, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысуға, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыруға, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеруге, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға тиіс.

2) «педагог-модератор»:

«педагог» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуге, сондай-ақ:

- бағдарламалық материалдың мазмұны мен құрылымын білуге;
- инновациялық әдістемелер мен технологияларды қолдануға;
- әртүрлі жас топтарындағы балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне диагностика жүргізуге;
- әдістемелік жұмысқа қатысуға: білім беру ұйымындағы педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеуге, баланың дамуына арналған заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіруге белсенді қатысуға, әдістемелік бірлестіктердің, семинарлар мен конференциялардың жұмысына қатысуға;
- кәсіби біліктілігін арттыруға;
- білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибесін жинақтап, таратуға;
- білім беру ұйымы деңгейіндегі конкурстар мен жарыстарға қатысушылары болуға тиіс.

3) «педагог-сарапшы»:

«педагог-модератор» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуге, сондай-ақ:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымындағы әдістемелік жұмысқа, аудандық, қалалық деңгейдегі іс-шараларға қатысуға;





- педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеуге, өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға;
- ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын меңгеруге, тәлімгерлікті жүзеге асыруға және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби дамуының басымдықтарын айқындауға;
- аудан/қала деңгейінде тәжірибесін жинақтап, таратуға;
- аудан/қала деңгейіндегі конкурстар мен жарыстарға қатысушылары болуға тиіс.

4) «педагог-зерттеуші»:

«педагог-сарапшы» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуге, сондай-ақ:

- оқу бағдарламаларын, оқыту әдістемелерін әзірлеу білімі мен дағдыларын меңгеруге;
- аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктердің, семинарлар мен конференциялардың жұмысына қатысуға;
- балалардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға;
- балалардың қалалық, облыстық конкурстарға қатысуын ұйымдастыруға;
- тәлімгерлікті жүзеге асыруға;
- көпшілік алдында сөз сөйлеу және аудиториямен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын меңгеруге;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін қолдануға;
- аудан, қала деңгейінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік әзірлемелерінің болуына;
- оқу қызметін зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеруге;
- тәрбиеленушілердің зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуге;
- тәлімгерлікті жүзеге асыруға және аудан, қала деңгейіндегі педагогикалық қоғамдастықтың даму стратегияларын айқындауға;





- тәжірибесін облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде жинақтап, таратуға;
- облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейіндегі конкурстар мен жарыстарға қатысушыларының болуына тиіс.

5) «педагог-шебер»:

«педагог-зерттеуші» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуге, сондай-ақ:

- жаңа бағдарламалар мен педагогикалық технологияларды меңгеру бойынша эксперименттік жұмысқа қатысуға;
- республикалық деңгейдегі шығармашылық конкурстарға қатысу қорытындысы бойынша балалардың жетістіктерінің болуына;
- республикалық деңгейдегі әдістемелік жұмысқа белсенді қатысуға, тәжірибені республика көлемінде таратуға және енгізуге;
- авторлық бағдарламасының болуы немесе РОӘК-нің (Республикалық оқу-әдістемелік кеңес) мақұлдауынан өткен жарияланған бағдарламалардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болуға;
- жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуге, тәлімгерлікті жүзеге асыруға және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісінің дамуын жоспарлауға;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық конкурстарға қатысушы болуға немесе республикалық және халықаралық конкурстарға қатысушыларды дайындауға тиіс.





Конкурс өткізу негізі:

Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығымен бекітілген **«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату қағидаларын бекіту туралы»** бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 18 тамыздағы №222-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініш;
кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы және байланыс телефондары міндетті түрде көрсетіледі);
педагогтерге арналған Үлгілік біліктілік сипаттамаларында бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
(Егер дипломда аты-жөні өзгертілген болса, неке туралы куәліктің көшірмесін қоса беру қажет);
еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);





сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының бар екендігін растайтын куәлік (бар болған жағдайда), не «педагог» мәртебесін беру туралы бұйрық; ағылшын тілі педагогі лауазымына кандидаттар үшін:

– пән бойынша сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе біліктілік санатының бар екендігін растайтын куәлік (педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер) (бар болған жағдайда);– немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults, Cambridge) – PASS A сертификаты; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above, или айелтс (IELTS) – 6,5 баллов; или тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT)) – 60 – 65 баллмен.

Осы Қағидаларға 12-қосымшаға или 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы;

жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат (болған жағдайда).

Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі туралы мәліметтерді, психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастарды динамикалық бақылаудың жоқтығы туралы, наркологиялық науқастарды динамикалық бақылаудың жоқтығы туралы анықтамаларды көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.





Құжаттар электрондық нұсқада **ҰБДБ «Жұмысқа қабылдау»** базасы арқылы төмендегі сілтеме бойынша қабылданады: **<https://hr-nobd.edu.kz/#/sign-in>** .

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат ұсынуы тиіс қажетті құжаттар **ҰБДБ базасы арқылы** төмендегі сілтеме бойынша: hr-nobd.edu.kz/ конкурс өткізу туралы хабарландыру Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№6 мектеп-лицейі» КММ-нің ресми сайтында: **<http://sc0006.kokshetau.aqmoedu.kz/>** және **kokscheschool6 Instagram** парақшасында жарияланғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап **жеті жұмыс күні ішінде** жүктелуі тиіс.

**Комиссия отырысының қорытындысы 2026 жылғы 01 қазанда
ҰБДБ базасында жарияланады**





Конкурса қатысушылардан үлкен өтініш: Құжаттарды жүктегеннен кейін ҰБДБ базасындағы бос лауазым бойынша жеке кабинеттеріңізді тұрақты түрде тексеріп отыруларыңызды сұраймыз. Себебі конкурс комиссиясы құжаттарды қарау барысында анықталған ескертулерді жою үшін ұсынымдар мен оларды орындауға белгіленген мерзімді жеке кабинет арқылы жібереді.

